

«Жан-Нұр» бөбекжай-бақшасы» ЖШС

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде**

**2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Топ: «Балдырған» ересек тобы

Бекітемін



“Жан-Нұр” бөбекжай-бақша ЖШС

менгерушісі Ибадуллаева Б.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Балдырған» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : Қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Балалар балабақша, балабақша қызметкерлері туралы өз білімдерімен бөлісе алады. Балабақшаға, ондағы достарына сүйіспеншілік пен сыйластыққа танытады. Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын орындай алады

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	1. Тапсырманы орындай отырып, сапқа тұру, жүру Бір-бірден тізбекпен жүгіру, жан-жаққа жүгіру. Жылдамдық және ептіліктерін. Еденде жатқан екі жіптің үстімен тіке жүруді. Қос аяқпен секіруге (аяқ бірге-аяқ алшақ) үйрету. 2. Сапқа тұру, жүру . Бір-бірден тізбекпен жүгіру, жан-жаққа жүгіру. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру . Орындықтан қойылған тақтайшалар аттап жүруді үйрету. Қос аяқпен секіруге (аяқ бірге- аяқ алшақ) жаттықтыру. 3. Сапқа тұру, жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру, жан-жаққа жүгіру. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Орындықтан қойылған тақтайшалар аттап жүруді жаттықтыру. Шеңберге тұрып,

		кішкентай допты жоғары лақтыру, оны қағып алуды бекіту. 1.Қысқа адымдар жасап жүру . Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бір орында тұрып қос аяқпен жіптен секіруді үйрету. Жан-жаққа еңбектеп жүруді үйрету. 2.Қысқа адымдар жасап жүру. Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бір -біріне қарама қарсы тұрып допты дом3.Қысқа адымдар жасап жүру . Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқпен жіптен секіру жаттықтыру. алатуды үйрету. Жан -жаққа еңбектеп жүруді жаттықтыру. 1.Бір колонада жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру 2,5мин. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Тіке жолмен еңбектеп жүру. Бір- біріне қарама- қарсы отырып допты домалатуды үйрету. 2.Бір колонада жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру 2,5мин. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Қол белде еденде жатқан жіптің үстімен жүру үйрету. Қос аяқтап текшені аттап, алға секіруді үйрету. 3.Бір колонада жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру 2,5мин. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Қол белде еденде жатқан жіптің үстімен жүруді жаттықтыру.Бір- біріне қарама- қарсы отырып допты домалатуды бекіту. 1.Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Аяқтың ұшымен жіптің үстімен жүруді үйрету. Қос аяқпен алға секіріп жүруді үйрету. 2.Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қос аяқпен алға секіріп жүруді жаттықтыру. Допты домалатуды үйрету. 3.Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Допты
--	--	--

		домалатуды жаттықтыру. Тіке жолмен еңбектеп жүруді үйрету.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін сөйлеуде қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
	Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
	Қазақ тілі аптасына 1 рет	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

		Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдер мен жауап беруге мүмкіндік беру
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. Сан, санау. 2-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау.

		Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға -артқа, оңға -солға, жоғары -төмен). Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту
Шығармашылық дағдыларды зертеу іс-әрекетті дамыту	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға қызығушылықты дамыту. Қазақ халқының сәндік –қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
	Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.
	Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді жапсыру дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдардан жасалған бұйымдары мен таныстыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене

		отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өйткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық

		дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.
--	--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Балдырған» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : Қазан айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Балалар балабақша, балабақша қызметкерлері туралы өз білімдерімен бөлісе алады. Балабақшаға, ондағы достарына сүйіспеншілік пен сыйластыққа танытады. Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын орындай алады.

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	1. Екі жіптің ортасымен жүруді үйрету. Қос аяқты қозғалып секіруді жаттықтыру. Балалар тепе – теңдік сақтау үйрету; ойынға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 2. Допты қақпашаға қашықтығы (3м) домалатуды, қойылған гимнастикалық тақтайшаның астымен еңбектеп өту үйрету. Дене түзілісін бақылау. Тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл – қозғалыс ойындарын үйрету; ойын ережелерін сақтау. 3. Екі жіптің ортасымен жүруды үйрету. Қос аяқты қозғалып секіруді жаттықтыру. Балалар тепе – теңдік сақтау үйрету; ойынға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту 1. Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап жүруге және жүгіруге үйрету. Еңбектеп жүру мен жіптің астынан өтуді кезектестіріп орындауды үйрету; қолды белге қойып, арқаның үстімен жүруді үйрету; тепе- теңдікті сақтау қабілетін дамыту. Ойын ережелерін сақтауға үйрету 2. Бір қатармен жүру, арқандарды аттап жүруды жаттықтыру. Жан – жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін үйрету. Қолды белге қойып, арқаның үстімен жүруді бекіту. Бір-біріне қарама-қарсы тұру, допты бір-біріне лақтыруды үйрету, белгіге назар аударып, жылдам жауап беру дағдысын қалыптастыру; лақтыруды жетілдіру.

		Бір қатармен жүру, арқандарды аттап жүру және арқанды аттап жүгіруді жаттықтыру. 3.Қолды белге қойып,арқаның үстімен жүруды, еңбектеп жүріп және жіптің астынан өтуді бекіту. Балаларда жұппен жүру, тізелерін көтеріп жүгіру дағдыларын бекіту; Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Бір орында тұрып секіріп айналуды, еңбектеп жүру және доғаның астынан өтуді үйрету. Тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру. Негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. 2.Бір орында тұрып секіріп айналуды бекіту. Кеглидің арасымен жыланша допты домалатуды үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Қимыл- қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту. 3.Кеглидің арасымен жыланша допты домалатуды, енбектеп жүру және доғаның астынан өтуді бекіту. Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл- қозғалыс ойындарын үйрету. .Допты алға домалатып, доптың артынан жүгіруды үйрету. Көзмөлшерін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Басымен допты итеріп, еңбектеп жүруды (кашық-3-4м) үйрету. Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге, Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл- қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. 2.Жатқан жіптің үстімен қапшықшаны басына қойып жүруды үйрету. Тепе – теңдік сақтау қабілетін дамыту. Басымен допты итеріп, еңбектеп жүруді (кашық-3-4м) бекіту. Ұсақ сезім мүшелерін дамыту. Достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу. Көзмөлшері мен ептілікті дамыту. 3.Жатқан жіптің үстімен қапшықшаны басына қойып жүруді, допты алға домалатып, доптың артынан жүгіруді бекіту. Негізгі қасиеттерді- шапшандық, ептілікті дамыту.Қимылды белгілі тәсілмен, белгіленген бағытта нұсқау бойынша бастап, орындап, аяқтауға тәрбиелеу. Музыкаға деген әсерленушілік сезімін бекіту. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.
Коммуникативтік дағдыларды	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.

дамыту		Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалар мен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктер мен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдер мен байланыстыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру.
	Қазақ тілі аптасына 1 рет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.

		Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалар мен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктер мен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдер мен байланыстыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру.
Шығармашылық дағдыларды зертеу іс-әрекетті дамыту	Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктер мен таныстыру және ол түстерді

		өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, шаршы пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «қызғалдақ», «ирек», суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау.
	Мүсіндеу	Өртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтері мен безендіру. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру
	Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көкөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегі мен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып безендіру дағдыларын дамыту.

		Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Құрастыру	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Биқимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканы қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көкөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер

		(бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман). Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.
--	--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Балдырған» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : Қараша айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Балалар балабақша, балабақша қызметкерлері туралы өз білімдерімен бөлісе алады. Балабақшаға, ондағы достарына сүйіспеншілік пен сыйластыққа танытады. Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын орындай алады.

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	. Нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруді жаттықтыру. Негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. Жатқан жіптің үстімен қапшықшаны басына қойып жүруді; гимнастикалық орындық секіріп міну және одан секіріп түсуді үйрету. Тепе – теңдік сақтау қабілетін; қимыл қозғалысты үйлесімді ету қаблеттерін дамыту .Қозғалыс белсенділігінің уақытын кенейту 2. Үлкен адым жасап екі жіптің ортасымен жүруді; Дізеге сүйеніп бір біріне допты домалатуді үйрету. Нұсқаушының берген бегісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету. Тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру. Негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Жатқан жіптің үстімен қапшықшаны басына қойып жүруді; гимнастикалық орындық секіріп міну және одан секіріп түсуді қайталау. Негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. Балалардың бір – біріне көңіл аударуына , ынтымақтаса ойнауына көңіл бөлу Гимнастикалық орындық үстінде етпетінен жатып, ішпен тартылуды; төрт аяқтап жүру 4-6м үйрету. Балаларды тепе – теңдік сақтау үйрету; ойынға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Жылдамдық, ептілік және күштілік қасиеттерін дамыту Қимыл – қозғалыс ойындарын ойнату арқылы балалардың зейіндерін дамыту 2.Допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алуды; гимнастикалық орындық үстінде етпетінен жатып, ішпен тартылуды үйрету. Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл – әрекеттердің үйлесімділігін дамыту; шапшандылық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді

		дамыту. Ұжым болып әрекет етуге, ұйымшылыққа тәрбиелеу 3.Төрт аяқтап жүруді; допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алуді бекіту. Бір-бірлеп тізбекте жүру білігін және жүгіру дағдысын бекіту; негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. Балалардың бір – біріне көңіл аударуына, ынтымақтаса ойнауына көңіл бөлу Допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алуды дамыту. Еңбектеу мен шығыршықтан еңбектеп өтуді кезектестіріп орындауды үйрету. Бір қатарлы сапта жүруді;ысқырық бойынша бастаушыны өзгертіп жүруді жаттықтыру. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл- қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу. Көзмөлшері мен ептілікті дамыту. 2. Аяқтың үшымен жүре тұрып, табанмен жүруге көшуді; шығыршықтан жанымен өтуді үйрету. Тепе-тендік сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. Негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. Балалардың бір – біріне көңіл аударуына , ынтымақтаса ойнауына көңіл бөлу. 3. Допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алуды; аяқтың үшымен жүре тұрып, табанмен жүруге көшуді бекіту. Допты лақтыруды және қағып алуды бірнеше рет қайталау. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу. Көзмөлшері мен ептілікті дамыту. Балаларды жүріп бара жатып педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға жаттықтыру Гимнастикалық орындық үстінде сүйеу қадамен жүруді; допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алуды үйрету. Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту; сенімді қатынастарды нығайтуға бағыттау. 2. Ирелендеп жіптің үстінде жүруді; бір орында тұрып жоғарға екі аяқ қосып секіруді үйрету. Жіптің үстімен жүргенде тепе-тендікті сақтауға, дене жаттығуларын үнемі жасауға дағдыландыру. Нұсқаушының берген бегісіне қарай жылдам әрекет етуге жаттықтыру. 3. Гимнастикалық орындық үстінде сүйеу қадаммен жүруді; допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алуды бекіту. Бірігіп ойнауға тәрбиелеу; белгі бойынша әрекет ету дағдасын бекіту.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді

		есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде атау. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
	Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешу.
	Қазақ тілі аптасына 1 рет	Тілдік дамытушы орта. Дыбыстық сөйлеу мәдениеті. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын анық сөйлей білуді дамыту Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлеммен жауап беру.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды	Математика негіздері	Сан, санау. 3-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беру. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша

дпмыту		кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 3 көлемінде тура санауға жаттықтыру. Шама. Биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және дене кубты танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындауоңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейту.
Шығармашылық дағдыларды зертеу іс-әрекетті дамыту	Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу . Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Заттардың (жануарлар, құстар) толық пішіні пайда болғанға дейін мүсіндеу.
	Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді қиюда қолдану.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемімен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру
	Музыка	Музыка тыңдау.

	(аптасына 1 рет)	Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Би қимылдарын, ойын музыкалық әрекеттерін орындауға қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Ағаш қасықтармен, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдықпен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Балдырған» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Балалар рухани-адамгершілік құндылықтарды, білім, білік пен дағдыларды бойларына сіңіре отырып, жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм толы сезімдерін көрсете біледі. Балаларды халықауыз әдебиеті туралы игере отырып, мәдени мұрасын құрметтейді, шығармашылық қабілеттерін қолдана отырып ойлау мен қиялдауды біледі. Тірі және өлі табиғат пен қоғамдық өмірдегі қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды түсінеді. Табиғатта өзін-өзі ұстаудың кейбір нормаларын меңгереді. Уақыт туралы (тәулік бөліктері: таңертең, күндіз, түн; күндер: бүгін, кеше, ертең), жылдам, баяу түсініктерін біледі

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Жүгіріп келіп жоғарға секіру колмен затты тигізуді; допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алуды үйрету. Допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алу бірнеше рет қайталау. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамытуға ықпал ету; кеңістікте бағдарлану білігін қалыптастыру. Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. 2. Еңбектеп жүру және заттың арасымен ирелендеп өтуді үйрету; допты еденге ұрып оны екі қолмен қағып алуды дамыту. Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. 3. Жүгіріп келіп жоғарға секіру колмен затты тигізуді; еңбектеп жүру және заттың арасымен ирелендеп өтуді жаттықтыру. Ойын ережелерін сақтауға үйрету. Балалардың зейінін дамыту; қимыл-қозғалыс тәжірибесін дамыту. 1. Гимнастикалық орындық үстімен аяқтың ұшымен жүруді; басымен допты итеріп, еңбектеп өтуді (кашық-3-4м) үйрету. Төрттағандап еңбектеу кезінде, еңбектеуде бас, қол мен аяқтың, қимылдарын үйлестіре білуді, ұсақ сезім мүшелерін дамыту. Тепе-теңдікті сақтауға, дене жаттығуларын үнемі жасауға дағдыландыру. Ұйымшылыққа тәрбиелеу, шашыраңқы жүру мен жүгіру дағдыларын бекіту.

		2.Гимнастикалық орындық жүріп, ортасында отырып тұруды; допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алуды үйрету. Дене түзілісін бақылау.Доптың ұшуына дұрыс траектория беру, қолдарын екпінді қимылмен жаза білуді бекіту.Тепе-тендікті сақтауға, дене жаттығуларын үнемі жасауға дағдыландыру. Бұлшықеттер мен қол- аяқтың үйлесімді қимылын дамыту. 3.Гимнастикалық орындық үстімен аяқтың ұшымен жүруды; басымен допты итеріп, еңбектеп өтуды (кашық-3-4м) дамыту. Ұсақ сезім (моторика) мүшелерін дамыту.Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. 1.Қос аяқтап жылжып арқаннан секіруді; құм салынған қапшықшаны оң,сол қолмен алысқа лақтыруды үйрету. Тепе- теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету; балалардың біріне- бірі көңіл аударына, ынтымақтаста ойнауына көңіл бөлу. Негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту. 2.Допты басынан асырып лақтыруды үйрету; қос аяқтап жылжып арқаннан секіруды дамыту. Қимылды ырғақпен жеңіл, еркін, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре орындау қабілеттерін қалыптастыру.Қимыл-қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік қабілеттерін жаттықтыру 3.Құм салынған қапшықшаны оң,сол қолмен алысқа лақтыруды дамыту; қос аяқтап жылжып арқаннан секіруды қайталау. Қимыл- қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік қабілеттерін жаттықтыру. Ұйымшылыққа тәрбиелеу, шашыраңқы жүру мен жүгіру дағдыларын бекіту. 1.Жатқан жіптің үстімен қапшықшаны басына қойып жүруді; керілген жіптің астынан өтуді үйрету. Бір қалыпты тепе-теңдік сақтауды қалыптастыру. Ойында жолдастық сезімге тәрбиелеу. Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту. Қимыл- қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік қабілеттерін жаттықтыру 2.Жатқан жіптің үстімен қапшықшаны басына қойып жүруді қайталау; таспанын астынан аяқты жартылай бүгіп өтуді үйрету. Бейнелі қимыл бере білу, тепе- теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін жаттықтыру.Қимыл үйлесімділігін, саптізбекте өз орнын таба білу қабілеттерін қалыптастыру. 3.Керілген жіптіі астынан өтуды қайталау; гимнастикалық орындық үстімен затты аттап жүруді үйрету. Ойын ережелерін білу және нақты орындауға дағдыландыру.
--	--	---

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: Ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін мен жаңылтпаштар айтқызу Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қордымағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.

		Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану.
	Қазақ тілі аптасына 1 рет	Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдану. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды анық сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән қ,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтарды 4-5 сөйлеммен сипаттау.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу Сан, санау. 4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 4 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама.

		Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру . Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен). Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Шығармашылық дағдыларды зертеу іс-әрекетті дамыту	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «құс тұмсық», «ботакөз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу

		әдістерін қолдану. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара

		желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
